



ХАЛЫҚҚЫ АРНАЛҒАН ДӘРІЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

№ 18 Басылым

*«Салауатты өмір салты және адам денсаулығына ортақ жауапкершілік қағидаты денсаулық сақтаудағы және халықтың күнделікті өміріндегі басты мәселе болып табылады».*  
**Қазақстан Республикасының Президенті**  
**Н.Ә. Назарбаев**

Бұл басылымда:

Сіз не істей аласыз?	1
Дәрілік заттар	2-3
Стационар	3
Хирургия	3
Басқа қадамдар	3

**Медикаментозды қателіктер: медикаментозды қателіктердің алдын алуға көмектесетін 18 кеңес**

Дәрі-дәрмектерді босату, тарату және қабылдау қателіктері, тіпті алдыңғы қатарлы медицинада да жиі кездеседі. Бірақ, егер бірнеше ережелерді сақтасаңыз, осы қателердің көпшілігіне жол берілмейді. Дәрігерлердің қателіктері мен олардан қорғану жолдары туралы көбірек біліңіз.

Медициналық қателер денсаулық сақтау жүйесіндегі кез келген жерде болуы мүмкін: ауруханаларда, клиникаларда, хирургиялық орталықтарда, дәрігерлік кеңседе, мейірбике үйлерінде, дәріханаларда және емделушілер үйінде.

Мұндай қателіктердің басым көпшілігінің алдын алу мүмкіндігі болатыны өкінішті. Қателерді төмендетудің ең жақсы тәсілдерінің бірі емдеуге белсенді қатысу. Науқас, кем дегенде, оның дәрі-дәрмектеріне, соның ішінде жанама әсерлерге және дозаларға қатысты маңызды ақпаратты зерделеуі керек. Ешқашан дәрігерге немесе фармацевтке сұрақ қоюдан ұялмаңыз.

Хирургия, диагностика, жабдықты пайдалану немесе зертханалық тестілеу кезінде дәрі-дәрмектерді тағайындау және пайдалану кезінде де қателер пайда болуы мүмкін.

Олар ең кең таралған жағдай кезінде пайда болуы мүмкін, мысалы, пациент тұзды жоғары диетаға тұзсыз тағамдарды жеуі керек.

Медициналық қателіктер кез келген жерде, соның ішінде үйде де болуы мүмкін.

Дәрігермен және науқаспен қарым-қатынаста қиындықтар туындаған кезде де қателер орын алады. Бұл кеңестер сізге қауіпсіз ем алу үшін не істей алатындығыңызды көрсетеді.

**Тілдесу – қателіктердің алдын алудағы кілт, Білім – сіздің басты қорғаныңыз!**

**СІЗ НЕ ІСТЕЙ АЛАСЫЗ?**

Медициналық қателіктердің алдын алудың ең жақсы жолы– медициналық топтың белсенді мүшесі болу. Яғни, өз еміңізді таңдауға қатысуыңыз. Зерттеу нәтижелері бойынша өз еміне белсенді қатысқан науқастар көп жағдайда жақса көрсеткіштерге ие.

**Дәрілік заттар**

**1** Дәрігерлердің Сіздің қабылдауыңыздағы барлық дәрілерден хабардар екендігіне көз жеткізіңіз: рецептті, рецептсіз дәрілер, қоспалар, дәрумендер және шөптер.



**2** Сіздің қабылдауыңыздағы барлық дәрілер мен қоспаларды дәрігерге көрсетіңіз. Бұл Сізге және сіздің дәрігеріңізге қандай да бір проблемаларды шешуге көмектесуі мүмкін. Сонымен қатар Сізге сапалы ем тағайындауға көмегін тигізеді.




**3** Қандай да бір дәрілік заттарға келген жанама және аллергиялық реакцияларыңыз жайлы дәрігеріңіздің білетіндігіне көз жеткізіңіз. Бұл Сізге жағымсыз дәрілік әсерлердің алдын алуға көмектеседі.

## Медикаментозды қателіктер: медикаментозды қателіктердің алдын алуға көмектесетін 18 кеңес

4

Дәрігеріңіз рецепт жазғанда, сізге түсінікті екендігіне көз жеткізіңіз. Егер Сіз өз дәрігеріңіздің жазуын оқи алмасаңыз, фармацевт те рецептті оқи алмауы әбден мүмкін



9

•Сізге тағайындалған препараттың болуы мүмкін жанама әсерлері туралы жазбаша ақпаратты фармацевттен сұраңыз.

Егер сіз тағайындалған препараттың жанама әсерлері жөнінде хабардар болсаңыз, жанама әсерлер болғанның өзінде алдын ала дайын боласыз.



5

Дәрігермен тағайындалған дәрі туралы толық ақпаратты сұраңыз:

- Қандай препарат?
- Қанша уақыт қабылдау керек?
- Қандай жанама әсерлер шақыруы мүмкін? Болған жағдайда не істеу керек?
- Басқа препараттармен немесе диеталық қоспалармен қабылдауға болады ма?
- Аспен қабылдауға болады ма?
- Сүмен/сүтпен/шырынмен және т.б. Ішуге болады ма?



### Стационар (аурухана)

10

Егер Сіз ауруханада емделіп жатқа болсаңыз медициналық қызметкерлерден қолдарын алдын ала жуғандығы туралы ақпарат сұраңыз?

Қолды жуу ауруханадағы инфекция таралуының алдын алуы мүмкін.



6

Дәріханадан дәріні аларда: «Бұл менің дәрігерім тағайындаған дәрі ме?», деп сұраңыз.

7

Тағайындалуына байланысты қандай да бір сұрақтарыңыз болса (дозалануы, қабылдау еселігі), сұраңыз!

- Мысалы, «күніне төрт рет» деген дозаны әр 6 сағат сайын немесе жалпы сергек жүрген уақыт аралығында.



8

Фармацеттен тара жайлы сұраңыз (сұйық препаратты өлшеуге қасық)

Мысалы, көбісі үй шай қасықтарын қолданады, бірақ көп жағдайда ол дәрегермен тағайындалған дозаны толық қамтымайды.

Мысалы, сұйық дәрілік формаларды қабылдау үшін арнайы қасықтарды немесе маркирленген шприцтерді қолдану.



11

Ауруханада шығару кезінде дәрігерден ұсыныстар жөнінде толық сұраңыз (алдағы үй жағдайындағы ем). Сонымен қатар Сізге қайта ауруханаға түсудің алдын алу мақсатымен, тағайындалған дәрілер туралы толық сұраңыз (өте сирек кездеседі, бірақ бір реттің өзі көпке саналады).



**Медикаментозды қателіктер: медикаментозды қателіктердің алдын алуға көмектесетін 18 кеңес****Хирургия**

**12** Егер сізге ота жасалуы күтілсе, сіздің дәрігеріңіз бен хирургыңыз сіздің отаңыз жөнінде бір келісімге келгендігіне көз жеткізіңіз (сіздің ауруыңызды). Дұрыс жасалмаған ота сирек кездеседі (мысалы сол жақ тізенің орнына оң жақ тізе) бірақ бір реттің өзі көп саналады.

**13** Сіз емделуді қалайтын аурухананы таңдағанда, ыңғайлы емдеу мекемелерін таңдаңыз, яғни аурудың емделу нәтижесі туралы пациенттер жақсы пікір білдіретін ауруханалардың бірі.

**Басқа қадамдар**

**14** Егер сіз емделуге қатысты күмәніңіз немесе алаңдаушылығыңыз болса, емделумен айналысатын адамдарға кез келген сұрақтар қоюға немесе сұрауға құқығыңыз бар.

**15** Егер сіз бірнеше нозология (аурулар) үшін диспансерлік жазбаларда болсаңыз, бұл дәрігер сіздің денсаулығыңызға, өзіңіздің емдеуші дәрігеріңіз сияқты қарайтынына көз жеткізіңіз.



**16** Сіздің емдеуші дәрігеріңіз сіздің денсаулығыңызға қатысты барлық ақпаратты білетініне көз жеткізіңіз.

**17** Дәрігермен кеңесіп, туыскандарыңызды сізбен бірге баруға шақырыңыз. Туыстардың көмегіне мұқтаж болмасаңыз да, олардың көмегі кейінірек қажет болуы мүмкін.

**18** Дәрігеріңізден, мейірбикеден, сонымен қатар сенімді деректерді қолдана отырып ([www.druginfo.kz](http://www.druginfo.kz)), Сізге тағайындалған дәрілік заттардың дұрыс пайдалану туралы біліп алыңыз

**Қауіпсіздікті өз әдетіңізге айналдырыңыз**

Дәрі-дәрмектерді қолданғанда қарапайым қауіпсіздік ережелерін ұстануға үйреніңіз:

- Барлық дәрі-дәрмектер мен қоспалардың толық тізімін сақтаңыз.
- Дәрі-дәрмектерді өздерінің түпнұсқалық қаптамасында, затбелгісі мен нұсқауларымен ұстаңыз.
- Дәріханада дайындалатын дәрілік зат алатын болсаңыз, онда бір дәріханаға хабарласыңыз.
- Сіздің рецептіңізді басқа адамдарға бермеңіз және басқа рецептілерді пайдаланбаңыз.
- Сіз рецептті қолға алған кезде оның рецепті екеніне көз жеткізіңіз.

**Қателер туралы бірнеше сөз**

Есіңізде болсын, дәрігер-фармацевт-пациенттердің тізбегінде Сіз қорғаныстың соңғы сызығы. Болып табыласыз

Сондықтан, біреудің қателігінен зардап шекпеу үшін сұрақтарды оқып шығыңыз.

Әрбір елде дәрі-дәрмектердің жанама әсерлері туралы ақпаратты жинау жүйесі бар екенін білу қызықты. АҚШ-та, мысалы, препараттардың қауіпсіздігін бақылау үшін FDA-мен жасалған Med-Watch бағдарламасы бар.

Қазақстан Республикасы да дәрілік препараттардың жанама әсерлері немесе олардың тиімсіздігі туралы ақпаратты жинайды. «Дәрі-дәрмектің күдікті жанама әсерін анықтаған жағдай туралы нені және қалай хабарлауға болатындығын» [www.dari.kz](http://www.dari.kz) сайтынан білуге болады.

Мұндай сигналдар карт-хабарламада (қағаз нұсқасында) - «сары картаға» жазылады.



Дәрілерді дұрыс қолдану, олардың мүмкін болатын жанама, өзара әсерлері туралы ақпаратты, сонымен қатар осы тәрізді сауалдарға:

Тегін дәрілік заттарды алуға кім құқылы?



Тегін дәрілер жүкті әйелдерге беріле ме?



Қандай ауруларда дәрілер тегін беріледі?



Балаларға қандай дәрілік заттарды, қай ауруларда тегін алуға болады?



**ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫ ҰТЫМДЫ  
ПАЙДАЛАНУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
МАМАНДАРЫ ЖАУАП БЕРЕ АЛАДЫ**

**ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША ҚОҢЫРАУ ШАЛУ ТЕГІН  
8 800 080 88 87**

**сауалдарыңызды [www.druginfo.kz](http://www.druginfo.kz) сайтына жолдаңыздар**

#### **МАТЕРИАЛДЫ ДАЙЫНДАҒАНДАР:**

Г.К. Жусупова , Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығының басшысы, клиникалық фармаколог, жоғары санаттағы дәрігер, MD

Л.М.Есбатырова , ДЗҰПО ұтымды фармакотерапия бөлімінің басшысы, клиникалық фармаколог, MD

Д.К.Байдуллаева, ДЗҰПО ұтымды фармакотерапия бөлімінің жетекші маманы

#### **Назар аударыңыз!**

Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы дәрілік заттарды өндірушілермен және жарнама берушілермен бірге қызмет атқармайды . Дәрілік бюллетеннің таратылуын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі қаржыландырады.

Біздің мекен - жайымыз: Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» ШЖҚ РМҚ-ның Дәрілік заттарды ұтымды пайдалану орталығы

Астана қ., Мәңгілік ел көшесі 8, 18В кіреберіс, 108 кабинет.

Тегін телефон желісі - 8 800 080 88 87.

**ТЕГІН ТАРАТЫЛАДЫ**